

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

4. «Стратегия «Казахстан - 2050»: один народ – одна страна - одна судьба». Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XX сессии Ассамблеи народа Казахстана. – URL: <http://assembly.kz>.

5. Казахстанская правда, 2015, 1 марта.

6. Дьяченко С.А. Казахстан - межцивилизационный диалог во имя мира и согласия // Ұлтаралық келісімнің Қазақстандық үлгісі: жағдайы мен болашағы. –Қазақстанская модель межэтнического согласия: состояние и перспективы: научно-практическая конференция 26 февраля 2007 г. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. – С. 13-15.

7. Сейдин Н.Б. Қазақстан халықтары Ассамблеясы – елдің саяси жүйесінің маңызды бөлігі ретінде // Ұлтаралық келісімнің Қазақстандық үлгісі: жағдайы мен болашағы. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. - 95 с.

8. Рустембекова Д.К. Роль Ассамблеи народа Казахстана в формировании казахстанской модели единства и толерантности // Вестник КарГУ. – 2011. – URL: <http://articlekz.com>.; Хайрулдаева А. Қазақстан халқы Ассамблеясы ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету құрылымдарының бірі ретінде: [Сыртқы саясат және қауіпсіздік] // Қоғам және Дәуір: ғылыми сараптамалық журнал. - 2012. - № 3. - 17-22 б.; Ауелгазина Т.К., Иманмолдаева Б.З. Роль Ассамблеи народов Казахстана в осуществлении процесса политической социализации личности в государстве (2012). - –URL: <http://www.rusnauka.com>.

МӘНГІЛІК ЕЛ БОЛАШАҒЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ, САНАЛЫ ЖАСТАР

Махамбетжанова Жұлдыз

Заң факультетінің 1 курс студенті

ҚҚ-13 тобы

Биыл егемен ел болып, аяғымызға нық тұрып келе жатқанымызға 25 жыл. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейтін тәсілге жүгінетін мемлекетімізде осы уақыт аралығында жас ұрпаққа сапалы білім, тағылымды тәрбие беру жолында бірталай іс тындырылды. Еліміздің Білім және ғылым министірлігінің жалпы үйлестіруімен отандық білім саласында атқарылып жатқан игі істер мен қол жеткізілген жетістіктер аз емес.

Ұлы Абай да кезінде: «Бай болғың келсе – өнерге үйрен» деген. Оның сөздері, Ел басымыздың пікірінше, қазіргі білім беру стратегиясының идеологиясын дәл көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздіктің 25 жылында еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында кезең-кезеңімен реформалар жүргізуде. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы

белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен азаматтардың озық шетелдік жоғары оқу орындарында күндізгі оқу формасы бойынша оқуы үшін немесе шетелдік ұйымдарда ғылыми, педагогикалық, инженерлік-техникалық және медициналық қызметкерлердің тағылымдамадан өтуі үшін 1993 жылы «Болашақ» халықаралық стипендиясы құрылды. Бағдарлама қатысушысы Қазақстан Республикасының кез келген азаматы бола алады. 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді.

1994 жылдан бастап 2004 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы аясында барлығы 785 студент әлемнің 13 елінде білім алды. Стипендия қызметте табысты өсудің, түлектердің кәсіби мамандануының кепілі іспеттес. Бұның дәлелі ретінде бағдарламаның көптеген түлектері мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты қызметтерді атқарып, мемлекеттік және халықаралық жобаларға қатысып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда.

Мемлекет басшысының 2005 жылғы халыққа Жолдауында айтылған «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлерінің санын арттыру жөніндегі бастамасын іске асыру мақсатында ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына конкурс өткізуді ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Сондай-ақ, 2005 жылы шетелде оқуға арналған елдер тізімі өсіп, үміткерлер АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланд, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Швейцарияға сияқты елдер арасынан өзіне ыңғайлысын таңдайтын болды.

2007 жылы елдер мен ЖОО-лар тізімі толықтырылды. Қазіргі кезде үміткерлер әлемдегі 32 елдің алдыңғы қатарлы 630 оқу орындарында оқи алады. Бүгінгі таңда стипендияны іске асыруда магистрлік және докторлық

бағдарламаларға, сондай-ақ біздің ел үшін анағұрлым қажетті болып табылатын техникалық және медициналық бейіндегі мамандарды дайындауға ерекше көңіл бөлінеді.

Үміткерлер санының өскеніне қарамастан, «Болашақ» бағдарламасының негізгі қағидаттары бастапқы қалпында қалып отыр. Олар:

- үміткерлерді дайындаудың жоғары деңгейі;
- елімізде және одан тыс жерлерде бағдарламаның оң бейнесін сақтап қалу;
- конкурстық іріктеуді ашықтық және әділдік қағидаттары бойынша өткізу;
- стипендия иегерлерін әлемнің үздік университеттеріне жіберу. [1]

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша 2008 жылы Астанада алғашқы зияткерлік мектебі ашылды. Бес жылдың ішінде Зияткерлік мектептері еліміздің барлық өңірлерінде ашылған еді. Зияткерлік мектептерінде жоғары білікті педагогтар дәріс береді, мектеп заманауи ғылыми-зертханалық және интерактивті мультимедиялық жабдықпен жарақтандырылған. Зияткерлік мектебінің осы және басқа да ерекшеліктері балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Назарбаев Зияткерлік мектептері - ғылым, экономика және саясат саласында дарынды балаларға арналған таңдаулы мектептер желісі. Бұл мектепте "критериалды бағалау" деп аталатын бағалау жүйесі қолданылады. Зияткерлік мектепте білім берудің екі моделі жүзеге асырылады. Бірінші модель - Жаратылыстану-математикалық бағыттағы Эксперименталды Ықпалдасқан білім бағдарламасын жүзеге асырады. Бұл бағдарлама бойынша оқушылар физика, математика, химия және биология пәндерін тереңдетіп, үштілді ортада оқиды.[2]

Еліміздің ең ерекше оқу орны - Назарбаев университеті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған жаңа университет. Университет миссиясы - Қазақстанда білім мен ғылыми-зерттеу қызметінің дамуына мүмкіндік беру, сонымен қатар Астананың Еуразия орталығында зерттеу және білім беру орталығын қалыптастыру.

Университет өзіндік білім стандарттары бойынша жұмыс істейді. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған атақты профессорлар дәріс береді.

Жаңа университет Астананың сол жағалауында қаланың экологиялық таза бөлігінде орналасқан. Университеттің сәулеті қазіргі заманға және үздік батыс стандарттарына сай. Барлық оқу ғимараттары бір бірімен ортақ атриум және ішкі өту дәліздер арқылы байланыстырылған - бұл кешеннің тұтастығын және сәулеттің ерекшелігін көрсетеді. Зертханаларға және басқа ғимараттарға қызмет көрсету құрылыстың бас ғимараттың сыртындағы айналма жол арқылы жасалады. Жаңа университет, өзінің жобалық көлемдігіне байланысты пайдалануға бірнеше кезеңімен немесе кезекшілікпен қосылады.

Тұңғыш Президент Университетінің басты мақсаты - дарынды, бәсекелестікке қабілетті адамзат капиталымен Еуразияның ғылыми-білім және мәдениет орталығы ретінде Астананың қарқынды өсуіне ықпал ету, Қазақстан Республикасының білім мен ғылым жүйесін қарқынды дамыту және халықаралық деңгейге шығуды қамтамасыз ету.

Университеттің миссиясына жетуге бағытталған мақсаттар Ғылым мен технологияда жаңа тенденцияларды құруға және дамытуға қабілетті профессионалдардың жаңа ұрпағын қалыптастыру; Білімге негізделген ұлттық экономиканың тұрақты және оны жан жақты дамуына ықпал ететін білім, ғылым және өндіріс интеграциясының моделін құру; Оқу бағдарламаларын интернационалдандыру және әлемдік жоғары оқу орындарымен серіктестік қарым – қатынас арқылы әлемдік білім сезімін қалыптастыру; Білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін қазіргі заманға сай технологиялық инфрақұрылымын құру. Әлемдік университеттермен және ғылыми орталықтармен бірлескен ғылыми зерттеулерді өткізу; Әлеуметтік профессорлық – оқытушылардың құрамын құру және отандық оқытушылардың мүмкіндіктерін арттыру; Университеттің ұлттық және халықаралық беделін құру.[3]

«Бұл менің тікелей бастамам мен қамқорлығымның нәтижесінде жүзеге асқанын білесіздер. Ұстаздар қауымының қажырлы еңбегі мен тәжірибесінің арқасында мүмкін болды. Жас өрендеріміздің ғылым көкжиегіне деген құштарлығы мен ізденісі арқылы орын алды. Осылай Назарбаев Университеті толыққанды білім беру орталығына айналды», - деді ҚР Президенті.

Сондай-ақ, ҚР Президенті Назарбаев Университетінің түлектері Қазақстанды болашақта түбегейлі жаңартуға, «100 нақты қадам» бағдарламасын жүзеге асыруға ат салысатындығына сенім артты.

Елбасының Жолдауы «Қазақстан-2050» саяси бағыты» жаңа саяси бағыт қазақстандықтардың өмірінің барлық саласын қамтиды. Елбасының бұл жылғы Жолдауы Еліміздің алдағы жылдарға жоспарланған стратегиялық мақсаттармен міндеттерін айқындалған бүкіл халыққа, жалпы ортақ еңбек қоғамына үндеген аса маңызды құжат болып табылады. Елбасының биылғы Жолдауы - еліміздің өркендеуінің алғышарты. Әр жыл сайынғы Президент жолдауы өз жаңалықтарымен, құнды идеяларымен, еліміздің жаңғыруына, өркендеуіне негіз болатын салмақты тұжырымдармен ерекшеленеді. Өйткені Президент Жолдауы еліміз үшін жыл сайынғы басты құжат. Елбасы: *« Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді.. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – мәңгілік ел! Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым. »* деп ұрпаққа сенім артады.

Осыған орай бұл Жолдау бүкіл халықтың көңілінен шықты, қазір ол мемлекетіміздің барлық аумақтарында, басқару, оқу-өндірістік салаларда, мемлекеттік емес ұйымдарда кең қолдау тауып отыр.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: *«Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады»* деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы- білім жүйесі. Орта мектеп- білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады. [4]

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1996 жылғы 23 мамырдағы бастамасымен екі ЖОО – Целиноград инженерлік-құрылыс институты мен Целиноград педагогикалық институтының бірігуі негізінде құрылды.

2000 жылы Қазақстан Республикасының Қаулысымен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясымен бірігу жолы арқылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

2001 жылдың 5 шілдесіндегі «Жеке мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше статус беру туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығына сәйкес университетке «Ұлттық және жалпыадамдық құндылық, ғылым мен техника жетістіктері негізінде тұлғаларды дамыту мен кәсіби қалыптастырудағы елеулі үлесі» ерекше мәртебесі берілді.

2001 жылдың 29 маусымындағы N 892 «Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес университет Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті атауы берілді.

2000 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орны болып саналады. 2001 жылы тамыз айында Мемлекеттік аккредитациядан өтті.

2005 жылы Оксфорд университетінде білім ордамыз "Біріккен Еуропа" мәртебелі халықаралық медалына лайық деп танылды. 2006 жылы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Сократ атындағы қазіргі қоғамның зияткерлік дамуына үлес қосқаны үшін (Оксфорд) Халықаралық наградасына ие болды.

2007 жылы «ТМД ең үздік компаниясы» алтын жұлдызымен марапатталған.

2010 жылы QS World Universities рейтингтік агенттігінің нәтижесі бойынша қазақстандық ЖОО арасынан әлемнің үздік 500 топ оқу орны қатарынан көрінген алғашқы оқу ордасы. 2012 жылы аталмыш рейтингіде 369-шы орынға табан тіреді.

«Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын» аталымындағы ҚР Президентінің «*Алтын сапа*» сыйлығының лауреаты (2012 ж.).

Халықаралық қатынас шетелдік ЖОО-лармен, ғылыми орталықтар және басқа да Еуропалық Одақ, Америка мен Мұхит, Азия және Африка, ТМД елдерінің ұйымдарымен, Қазақстандағы халықаралық ғылым - білім беру қорлары, елшіліктер, өкілдіктермен жасалынған 116 келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады. 2001 жылы Елбасының бастамасымен ЕҰУ-де М.В.Ломоносов атындағы ММУ–дің қазақстандық филиалы ашылған.

Қазақстандағы алғашқы ТМД Желілік университеті мен ШЫҰ университеті аясындағы қос дипломды білім беруді жүзеге асырған білім ошағы.

Еуразия ұлттық университеті студент- жастардың ұлттық-мәдениетіне, рухани-адамгершілігіне, эстетикалық және отансүйгіштік тәрбиесіне аса мән беріп келеді. Жыл сайын студенттеріміздің қатысуымен өлкемізде және басқа қалаларда көптеген іс-шаралар, университет байқаулары ұйымдастырылады.

Студенттер университетті басқару, білім ордамыздың түрлі мәселелерін шешуде белсенді атсалысып келеді. Университетте ЕҰУ жастар саясатының даму мәселелері, студенттердің әлеуметтік қорғалуы, "Қазақстан студенттерінің Альянсы", "Қазақстан жастарының Конгресі", "Жас Отан", Есірткісіз болашақ" және тағы да басқа ұлттық және аймақтық жастар ұйымдарына қатысу мәселелерімен айналысатын Жастар саясатының орталығы құрылған.

Сондай-ақ, ЕҰУ-де студенттің шығармашылық қабілетін шыңдауда барлық жағдай жасалған. Студенттік филармония келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді: театр-студия, хореография, вокал, домбыра, КТК, имидж-топ. Телерадиостудия ашылған.

Студенттердің, ОҚП мен қызметкердің салауатты өмір салтына ерекше көңіл бөлінуде. Жыл сайын оқытушылар мен қызметкерлердің спартакиадасы өткізіліп келеді. Спорттық секцияларға қатысып, халықаралық деңгейдегі жарыстарда жеңіспен оралған көптеген білім алушыларымыз тек білім ордамыздың ғана емес, сонымен қатар мемлекетіміздің мақтанышы деп айтуға негіз бар. [5]

2006 жылдың 26 мамырында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Экономика біліміне инновация және ғылым арқылы» атты өзінің дәрісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мен ең алдымен сіздердің баршаларыңызды бүгінгі мерейтойларыңызбен-Еуразия университетінің құрылуының 10 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын.

Осы университетті кеше ғана құрған сияқты едік, енді қарасақ арада он жыл зымырап өте шығыпты. Алайда осы он жылда ел өмірінде қыруар оң өзгерістер, елеулі оқиғалардың болғаны, адамзат дамуының әлемдік үрдістеріне сәйкес іргелі реформалардың жүзеге асқаны өздеріңізге аян. Университеттің де сол бір өтпелі кезеңнің қиын-қыстау жылдарында өмірге келгені естеріңізде болар. Осы жылдар ішінде жаңа университет өзінің тарихын өнегелі бастамалармен, өміршең істермен жасай білді. Сөйтіп қазір ол іргелі ғылым ордасына, білімнің шын мәніндегі киелі шаңырағына айналып отыр. Ұлттық тарихымыздың рухани жаңғыруының белгісі ретінде Күлтегін бабамыздың көк тасы осы жерге әкеліп қойылды. Біздің елімізге алыс-жақыннан келіп жатқан мемлекет басшыларының, қоғам қайраткерлері мен өнер тұлғаларының осы университетке бір соға кетуі бұл күнде әдемі дәстүрге айналды. Университеттің осылайша жақсы мен жайсаңдар бас қосатын рухани ордаға, киелі шаңыраққа айналғаны - оның келешегінің кемелдігін көрсетеді. Сондықтан жас мемлекетімізбен, оның жас елордасы Астана қаласымен бірге жайнап, бірге өсіп келе жатқан Еуразия университетінің бүгінгі мерейтойы баршамызға ортақ қуаныш. Бұл той жастардың тойы, жасампаздықтың тойы. Құтты болсын!»

Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің білім алуға немесе зерттеу жүргізуге байланысты өз ЖОО-да кредиттік жүйеге негізделген білім беру бағдарламасының міндетті қайта сынақтан өту тәртібіне және ережеге сәйкес семестр немесе оқу жылына белгілі академиялық кезеңге өтуі.

Қазіргі таңда білім алушылардың академиялық ұтқырлығы Tempus, Erasmus Mundus, Erasmus Mundus Partnership және т.б. айырбастау бағдарламалары арқылы қамтамасыз етіледі.

Студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығынан Erasmus бағдарламасына 1987 жылдан бастап 1,9 млн. адам қатысты. Қазіргі таңда бұл бағдарламаға әлемнің 30 елі, Еуропа университеттерінің 90%, 31 мемлекеттен 3100-дан астам ЖОО қатысады.

Erasmus Mundus бағдарламасы стипендиясының екінші консорциумы аумағында 2009-2010 жж. Қазақстанға 20 стипендия тағайындалды (бакалавриат – 9, магистратура – 5, докторантура – 3, докторантурадан кейін – 1, оқытушылық - 2).

Tempus IV бағдарламасының 10 жобасына 2008 жылдан бері қазақстандық 15 жоғары оқу орны, 67 студент, магистранттар мен оқытушылар қатысып келеді.

Сонымен қатар, ЖОО тарапынан шетелдік университеттермен (Ұлыбритания, Испания, Германия, Чехия, АҚШ, Канада, Ресей және т.б.) 80 меморандум негізінде бірлескен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып отыр.

Академиялық ұтқырлық жеке даму мен еңбекке орналасу мүмкіндігі үшін маңызды және ол жан-жақтылыққа, сыйластыққа тәрбиелейді, өзге мәдениеттерді игеруге мүмкіндік береді. Ол лингвистикалық плюрализм мен жоғары оқу орнының бәсекелестік қабілетін көтеруге ынталандырады.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қазақстандық білім беру туралы құжаттардың шет елдерде тануын қамтамасыз ету үшін және академиялық ұтқырлық жөніндегі мәселелердің тиімді шешілуі үшін болашақта елімізде (Ұлттық Аккредитация орталығын қайта құру негізінде) Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығы құрылады.

Академиялық ұтқырлық сыртқы (халықаралық) және ішкі (ұлттық) академиялық ұтқырлық болып ажыратылады. Сыртқы академиялық ұтқырлық – шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу, оқытушы-зерттеушілердің білім беру салалары мен ғылыми мекемелердегі қызметі. Ішкі академиялық ұтқырлық - білім алушылардың, оқытушы-зерттеушілердің Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарында білім алуы, қызмет етуі.

Академиялық ұтқырлық дәстүрлі шетелдік тағылымдардан ерекшеленеді, өйткені, біріншіден, студенттер шетелге оқуға белгілі шектеулі мерзімге ғана кеткенімен, оқу бір семестрден бір оқу жылына дейін созылады, екіншіден, мұндай тағылымдамада олар толыққанды білім алады, тек тілді меңгерумен немесе жекелеген пәндерді игерумен ғана шектелмейді, керісінше, толық семестр немесе жылдық курстан өтеді, бұл дегеніміз – студенттің білімі базалық жоғары оқу орнына қайтып келген сәттен жалғасып есептеледі. «Базалық ЖОО» деп біз студенттердің алғашқыда оқуға түсіп, дипломын алғысы келген ЖОО-ны айтамыз.

Академиялық ұтқырлықтың мақсаты: әлемдік білім беру кеңістігіндегі интеграция (бірігу, кірігу).

Мақсатты көрсеткіш (индикатор): 2020 жылға дейін білім алушының 20%-ы бір академиялық кезең мерзімінде шетелдік ЖОО-да білім алады.

Жүзеге асу мерзімі: 2011-2020 жылдар аралығы.

Күтілетін нәтиже: 2020 жылға дейін академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында Болон үдерісі аумағында міндетті ұсынылған көрсеткіштер орындалатын болады. ЖОО-да ғылыми-зерттеу институтының педагогикалық құрамы және ғылыми құрамы күшейтіледі.

Академиялық ұтқырлық төменде көрсетілген жағдайларға:

- әлемдік білім беру кеңістігінде қазақстандық білім берудің интеграциясына;
- білім сапасының өсуі және адамдық құндылықтардың даму деңгейіне;
- шетел университеттері бағдарламаларын қазақстандық білім беру бағдарламаларымен қатар қоюға және мойындауға;
- жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудегі интернационализациялаудың күшеюіне себепші болады. [6]

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен дүниеге келген «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы және «Халық тарих толқынында» бағдарламасы аясында университет қабырғасында білім алушылар мен жалпы жұртшылықтың назарын аудартатындай көптеген салықалы ғылыми жобалар жүзеге асырылып келеді.

2014 жылдың 26 қыркүйегінде Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанынан құрылымдық бөлімше ретінде Қазақстанның Білім тарихы музейі ашылды. Музейдің экспозициялық жоспарының хронологиялық негізін бірден-бір толықтыру нысаны болып табылатын еліміздің білім-ағарту саласының өсіп-өркендеу динамикасын мейілінше ауқымды әрі тарихи фактілерге сүйеніп іздену барысында 1920 жылдан қазіргі кезге дейінгі еліміздегі осы саланы басқарған Халық ағарту комиссарлары, білім министрлері жөнінде нақты ақпараттық тарихи құжаттар, материалдар жинастырылып, тың деректер табылуда.

Музейді ашудағы мақсат – ұлан-ғайыр территориялық аймақта ғасырлар бойы қалыптасып, сақталған мол мәдени-ағартушылық құндылықтарды жинақтай отырып, ғылыми сұрыптаудан өткізу арқылы жұртшылыққа насихаттау. Өйткені, білім – әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басыңқы бағыты болып табылады.

Негізгі міндеттеріне келетін болсақ:

Қазақстанның білім беру жүйесінің тарихын музейлік жәдігерлер арқылы көпшілікке таныстыру;

Қазақстан Республикасының Ата Заңын, Заңдарын, мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді, білім, ғылым, мәдениет құндылықтарын арттыруды, ұлтаралық келісімді сақтауды әрбір азаматтың қастерлі борышы ретінде ұлықтау;

Кәсіптік бағдар беру мен мамандық таңдауда жастарға дұрыс жол сілтеу;

Білім алушылардың бойында отаншылдық сезімді қалыптастыру;

Бәсекеге барынша қабілетті жас мамандар даярлауға лайықты үлес қосу;

Профессор-оқытушылар құрамының, студенттердің ізденістері дәйектеген биік технологияларды өмірге енгізу, жұртшылыққа таныстыру;

Тәрбие мен білім берудің мемлекет мүддесіне, уақыт талабына, жеке тұлға қабілетіне сай келуіне жағдай жасау;

Білім тарихы музейі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудың, тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттаудың ерекше үлгісі.[7]

Қазақстандағы білім беру жүйесі жастарға жанұясының материалдық мүмкіншіліктеріне, тұрған жеріне, ұлтына және денсаулығының жағдайына қарамастан, толықанды білім алып шығуларына бірдей тең мүмкіндік береді. Бұл ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік жағынан қорғауды іске асыруға, олардың өз мүмкіндіктерін пайдалануға жағдай туғызады. Ол мектеп баласының ой-өрісін дамытуда үлкен рөл атқарады, білім беруде, ынталандыруда және өнегелі тәрбие беруде аса қуатты реттеуші болып табылады. Сонымен бірге, мемлекет балалар мен жастардың арасынан қабілеттілерін, дарындыларын іздеп тауып, оларды үнемі қолдап отырады. Мемлекет олардың, оның ішінде Батыстың жетекші оқу орындарында оқитындардың да оқу ақыларын төлеулеріне көмектеседі.

2008 жылдан бастап Қазақстан мектебі 12 жылдық білім алуға көшеді. Отандық мектептің дәстүрлерімен есептесе келе және халықаралық тәжірибиені ойға ала отыра, жаңа жүйеде орта білім берудің 5+5+2 принципі бойынша құрылымы ұсынылады. Елімізде 8 мыңға жуық мектептер бар, осылардың әрбір төртіншісі күрделі жөндеуді қажет етеді. Біз 12 жылдық білім беру жүйесіне өтуді, бағдарлы мектептер, ресурстық орталықтар құруды, кәсіптік мектептер мен лицейлердің желісін кеңейтуді жоспарлауға кіріскен кезде бұл мәселе ерекше өзекті бола түседі.

Н.Ә.Назарбаев: «Мен 10-15 жылдан кейін Қазақстан университеттерін бітірушілердің де әлемдегі жетекші университеттерді бітірушілер сияқты бағаланатына сенгім келеді».

Білім беру жүйесі еліміздің адамдық, ақпараттық, материалдық, қаржылық ресурстарының барлығын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі, ал мемлекет – халықтың барлық әлеуметтік топтарына білім беру жолының ашық болуына кепілдік беруі және білім беруді басымдылықпен қолдауы тиіс.

Білім алу үрдісі барысында біздің жас ұрпақ проллемаларды өз беттерімен дербес шешуге үйренулері; жаңа ақпараттар мен жаңаша білім алу машықтарын меңгерулері; сын көзімен кең өрісті ойлаулары: ынталылық пен тапқырлық көрсетулері керек.[8]

«Менің Қазақстан жастарына айтар тілегім мынадай: Сіздерге міндетті түрде сапалы білім алу керек, ол сіздерге сенімді іргетас болады, олсыз сіздер өзіңіздің болашағыңызды, өз балаларыңыздың болашағын, бүкіл еліміздің болашағын жасай алмайсыздар. Сіздерге жұмыс істеу керек және тағы да жұмыс істеу керек, ең бірінші – өзіңізді жетілдіру бағытында. Білімге де жетілуге шек жоқ «Адамның өміріне шек бар, білімге ондай жоқ» дейді қытайдың даналық мақалы. Бұнымен келіспеуге болмайды. Сондай-ақ біздің өзіміздің қазақтың да мақалдары бар, олар: «Жеті тілді білуге ұмтыл

және жеті ғылымды меңгер» деп үйретеді, астарына үңілсек, одан да оқу мен білімнің күш екенін, байлық екенін түсінеміз»

Н.Ә.Назарбаев

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007
2. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» - орта білімдегі жаңа өсу нүктелері
3. <http://personal.akorda.kz/kz/category/projects/1262>
4. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
5. <http://www.enu.kz/enu-turaly/>
6. <http://kazmkpu.kz/kz/talapkerlerge-2/magistratura/akademiyaly-t-yrlly>
7. Сымбат Мүталапханқызы <http://el.kz/m/articles/view/>
8. Назарбаев Н. Қазақстан жолы.- Алматы,- 2012.-460 бет

КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ В СВЕТЕ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК Н.А.НАЗАРБАЕВА

Мусабалина Г.Т.

Астана, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

2016 год – это год, олицетворяющий особый период в жизни каждого казахстанца. Мы становимся свидетелями торжественного празднования 25-летия со дня провозглашения Независимости Республики Казахстан. На протяжении 25-ти лет, совершив невероятный рывок в историческом развитии, казахстанский народ сообща трудится над созданием сильного, динамичного, современного государства под руководством Лидера Нации, Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева.

Благодаря единству, сплоченности и твердости духа мы добились экономического развития, гражданского согласия. Казахстан вышел на качественно новый этап государственного строительства, переход к которому определен ежегодными Посланиями и реформами, выдвинутыми Главой нашего государства.

Послание Главы государства является самым важным документом стратегического развития Казахстана. Как известно, обычно очередное Послание народу озвучивается в начале года. Необходимо помнить, что впервые Президент Н.Назарбаев обратился с Посланием народу Казахстана в 1997 году, в котором была озвучена Стратегия развития страны до 2030 года. Именно это исторически первое Послание стало основным программным документом, на котором были основаны все последующие национальные планы и общегосударственные программы до последнего времени. В стратегическом